



Бүгіннен басталған «Болашақ»


Тұңғыш президентіміз Н.Назарбаевтың тікелей бастамасымен өмірге келіп, Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына торқалы тарту болып отырған «Болашақ» халықаралық бағдарламасы дүниежүзінде баламасы жоқ әлеуметтік-мәдени жоба болып табылады. Бағдарлама түлектері әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орындары мен зерттеу орталықтарында алған білім-білігін қазіргі таңда ел игілігіне жұмсап, жемісті еңбек етуде.

Польшаның іргелі жоғары оқу орындарының бірі – Адам Мицеквич атындағы Познань университетінің осы жолдар авторы – ғылыми тәлімгерге бергені мол, үйреткен, көңілге тоқытқан тұстары көп болды. Университет солтүстік-батыс Польшадағы ежелгі де ең ірі мемлекеттік оқу орны болып табылады. Оның тарихы бұдан 500 жыл бұрын епископ Ян Любранский негізін салған Любран академиясының мирасымен ұштасып жатыр. Ал, қазіргі заманғы үлгіге сәйкес университет 1919 жылы қайта құрылды. Өзінің бір ғасырлық мерейтойын оқу ордасы 2019 жылы атап өтті. Былтыр ақпанда Слубице қаласында ұйымдастырылған Халықаралық ғылыми конференцияда университеттің ескерткіш медалі осы жолдар авторы мен КазҰУ-дің аға оқытушысы Шарипа Нұржановаға табыс етілді.

Университеттің 15 факультетінде бүгінде 47 мыңнан астам студент білім алуда. Оқу орны Еуропалық одақтың «Еразмус» жобасына, қазақстандық «Болашақ» бағдарламасына мүше болып табылады. Мұнда дүние жүзінің түпкір-түпкірінен келген жастар поляк мәдениетінен сусындау үстінде. Университет поляк тілін әлемге таратып, насихаттауда көп іс тындырып келеді. Поляк тілі және классикалық филология факультеті шетелдіктерге поляк тілін арнайы бағдарлама бойынша оқытып-үйретеді. Польша – мәдениеті биік ел болғандықтан әрі ел экономикасы тұрақты дамып келе жатқандықтан, поляк тіліне деген сұраныс та күннен күнге артып келеді.

Поляк жастарының 85 пайызынан астамы бір немесе екі шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін жетік біледі. Шетел тілдерін оқыту Адам Мицкевич университетінде жақсы жолға қойылған. Оқу орнында ағылшын тілін жастармен қатар егде тартқан кісілер де ықыласпен оқып-үйренуде. Оқу орнындағы түркітану зерттеулерінің негізін белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Хенрик Янковский қалаған.

Университеттің маңдайалды факультеттерінің бірі саяси ғылымдар және журналистика факультеті журналистика, саясаттану, халықаралық қатынастар мамандықтары бойынша кадрлар даярлайды. Бакалавриат, магистратура, докторантура сияқты білім 4 мыңдай студент білім алуда.



Ермек Сахариев - 19.08.2021 707
Боксшыларымыздың жомарттығы

Токио Жарылыс бокс



Ермек Сахариев - 13.08.2021 702
Токио-2020: Паралимпиадаға елден 25 спортшы қатысады

Жарылыс



Ермек Сахариев - 12.08.2021 681
Токиода үмітіміз ақталмады

Жарылыс



Болат ШАРАХЫМБАЙ - 12.08.2021 690
Олимпиададағы өттеген-айлар!..

Жарылыс

Топ жаңалықтар

- 1 Маңғыстаулық 40 оқушы зерттеу экспедициясына қатысты
[Show more](#)
Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз қызметі - 2021-11-09 36
- 2 Маңғыстаулық 40 оқушы зерттеу экспедициясына қатысты
[Show more](#)
Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз қызметі - 2021-11-09 32
- 3 Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай түпқарағандық ұстаздар мектепке тарту жасады
[Show more](#) - 2021-11-09 40
- 4 Саха елінде өткен жыр мерекесі
[Show more](#) Жібек Зинелова - 2021-11-09 41
- 5 Спортқа құштар өрендер көбеюде
[Show more](#)
Ләззат ҚАЖЫМОВА БҚО Орал қаласы - 2021-11-09 44



Оқу ордасында 90-нан астам оқытушы, соның ішінде 31 доктор мен профессор жұмыс істейді. Сондай-ақ өзге факультеттерден, Познаньның өзге жоғары оқу орындарынан ғалымдар мен кәсіптік орта өкілдері сабақ беруге шақырылады. Практиктер арасында белгілі журналистер, жарнама агентіктерінің мамандары мен баспасөз хатшылары жетерлік. «Журналистика, ақпарат және қоғамдық байланыстар саласындағы коммуникация» мамандығында өндірістік сабақтар көп. Студенттер интернет-радио мен теледидар хабарларын жүргізеді, қоғамдық теледидар үшін апта сайын 15 минуттық бағдарлама әзірлейді. Оқуды тәмамдау үшін редакциялардағы 6 апталық практикадан кейін міндетті түрде сынақша тапсыру керек болады.

Факультет қазіргі үлгімен салынған жаңа да кең ғимаратта орналасқан. Мұнда соңғы техникамен жарақтандырылған студенттік телерадиостудия жұмыс істейді, бұл жерде студенттер өздерінің аудио және тележазбаларын монтаждайды. Студия тілек білдірушілерге сабақтан кейін камера мен диктофон бере алады. Оқу ғимаратында бай кітапхана бар, мұндағы кітап қоры 28000 дана. Кітаптарды есепке алу электрондық тәсілмен жүргізіледі. Студенттер залдағы тұрақты компьютерлерді, сондай-ақ өз ноутбуктерін пайдалана алады. Мұнда өзге шет ел тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де кітаптар мен газет-журналдар бар. Факультет 28 шетелдік оқу орындарымен байланыс орнатқан. Олар негізінен алғанда Еуропалық оқу орындары, сондай-ақ Оңтүстік Кореяда, Тайваньда, Түркияда, АҚШ пен Бразилияда да әріптестері бар. Мұндай ынтымақтастық ортақ жарияланымдар әзірлеу, әріптес оқу орнында тағылымдамадан өту және ортақ конференциялар ұйымдастыру мен зерттеу топтарын құруға негізделеді.

Журналистика бойынша қазіргі таңда БАҚ саласындағы зерттеулер басым. Цифрлы бұқаралық ақпарат құралдарын, таблоидтардың өскелең рөлін, жергілікті деңгейдегі баспасөздің даму үдерістері мен салалық БАҚ-ты, интернет мүмкіндіктерін ой елегінен өткізілуде. Факультет ғалымдары тиімді жарнама тетіктері мен бұқаралық коммуникация үдерісіндегі жаңа технологияларды пайдалануға байланысты БАҚ заңнамасына өзгерістер енгізу мәселесін қарастыруда.

Қалтасы жұқа студент Еуропа мемлекеттерінің көпшілігіне ұшақпен 2 сағат ішінде жететін, Берлин мен Варшаваның дәл ортасында орналасқан білім қуған талапкер үшін өте жайлы Познань қаласы ғылым мен білім ордасы болып отыр.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ, «Болашақ» бағдарламасының 02.07.2021 стипендианты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры



 64

Ұқсас жаңалықтар



Жібек Зинелова - 09.11.2021  41

Саха елінде өткен жыр мерекесі

Жаңалықтар Шұғыл



Ләззат ҚАЖЫМОВА БҚО Орал қаласы - 09.11.2021  44

Спортқа құштар өрендер көбеюде

Жаңалықтар Шұғыл



Ақжігіт ЖЕТПІСБАЙ - 09.11.2021  49

Өңірде 350-400 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде

Жаңалықтар Шұғыл



Ләззат ҚАЖЫМОВА Батыс Қазақстан облысы - 09.11.2021  41

Оралда әскерилер арасында волейбол жарысы өтті

Жаңалықтар Шұғыл



Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз қызметі - 09.11.2021  36

Маңғыстаулық 40 оқушы зерттеу экспедициясына қатысты

Жаңалықтар Шұғыл



Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз қызметі - 09.11.2021  32

Маңғыстаулық 40 оқушы зерттеу экспедициясына қатысты

Жаңалықтар Шұғыл

